



Ембі ТЫНЫСЫ

№2 (132)
АҚПАН
2025 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

Көктем келді күн нұрымен көмкеріп...



Тіршіліктің қайта оянатын, табиғаттың жаңа тыныс алатын кезеңі келді. Көктем! Ол – жылулық, ол – тазалық, ол – жаңа леп!

Көктемнің алғашқы күні-ақ ерекше мерекемен басталды. Халқымыз үшін алғыс айтудың да, алғыс алудың да мәні ерекше. Соған сай, 1 наурыз – Алғыс айту күні – жылулықтың бастауы, айналаңызды себепсіз қуантудың, жанын жадыратудың бір амалы.

Биыл қасиетті Рамазан айы да көктемнің алғашқы күнінен бастау алды. Демек, ізгі амалдарға толы, отыз күндік ораза да осы айдың еншісінде.

Әлемді әдемілік пен мейірімге бөлейтін әйел-аналар мерекесі де көктемнің жылы лебін еселей түседі. Ал, ұлтымыздың ұлық мерекесі – Наурыз мейрамының өзіндік ерекше атмосферасы, ұлттық реңкі тіптен бөлек.

Аталған мерекелердің әрқайсысы өзіне тән жылулық пен мейірімділік әкеледі, адамдардың бір-бірін қуантуына, жақсы тілектерін арнауына негіз болады.

Ендеше, әр күніміз көктемдей жарқын, жылулыққа толы болсын!

ЕСЕПТІ ЖИЫН

ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН КӨТЕРУ

Бұл жөнінде компания басшылығының кен алаңдарында болған сапарларында баяндалды

Кез-келген ұжымда басшы мен жұмысшының арасында сындарлы диалог орнату арқылы ұжымдағы табысты еңбекке жол ашу – компания үшін өзекті. Ашық пікір айту, ортақ мақсатқа жету жолындағы жұмыстарды нәтижелі ету арқылы бірлескен іс-әрекетті қолға алып, сол арқылы өндіріс жоспарын орындауда тұрақтылыққа қол жеткіземіз. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылық құрамы өндіріс алаңдарында жиі болып, жұмысшылармен кездесуді тұрақты ұйымдастырып келеді.

2025 жылдың кеңейтілген алғашқы шарасы – «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет бастаған жұмыс тобының өндіріске іссапары Ембі өндірісінің ірі кен алаңдарында өтті. Жұмыс тобы 2024 жылда қол жеткізген табыстарды саралаумен қатар, алда кезегін күткен жұмыстарды еңбек ұжымдарына таныстыруды мақсат етті. Кеңейтілген жиынға өндірістің орта буын басшылығы толық тартылды.



Жалғасы 4-5 беттерде ➡➡

СЕМИНАР

МАМАНДАР БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ – ӘРҚАШАН МАҢЫЗДЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу блогы және әлеуметтік қамту блогы қызметкерлерінің семинар-кеңестері өтті.

HR қызметкерлері жиынына «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Измұханбет және Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев қатысты.

«Ең үлкен құндылық – адами капитал. Компанияның алдына қойған мақсаты – өндірістік көрсеткіштерді арттыру және осы жолда қолға алған жаңа

мәселелерге қатысты пікірталастар ұйымдастырылды. Семинардың бірінші күнін қорытындылаған Компанияның қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Бекет Губайдуллин барлық кадр қызметі жетекшілерінің баяндамалары бойынша жетістіктерді атап, жоғары бәсекелестік пен әлемдік даму жағдайларына бай-



зор. Сондықтан, бүгінгі семинар – ашық диалог алаңы. Әлеуметтік сала блогының жұмыстары қазіргі талаптарға сай болуы – әрқашан өзекті» деді Қайрат Жаншаулы.

Ембі өндірісінде еңбек ететін қызметкерлерге қолайлы жағдай қалыптастыру, жатақхана мен асханаларға қатысты, әлеуметтік саясат бағытындағы жетілдіру жұмыстары кеңінен талқыланған кеңес барысында салалық бөлім басшылары мен топ жетекшілерінің өткен жылғы есептері тыңдалды.

Бірінші бөлімді қорытындылаған әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин атқарылған жұмыстарға толық талдау жүргізе келе, биылғы жоспарларды да таныстырды.

Семинар соңында әлеуметтік зерттеулер жүргізу бойынша тренинг өтіп, лектор Сымбат Абдрахманова мұнай компаниясы контекстіндегі әлеуметтік зерттеу кезеңдері, деректер жинау құралдарын әзірлеу, сауалнама өткізу, сұхбат құру, осы бағыттағы үздік тәжірибелер, нәтижелерді интерпретациялау тақырыптарын кеңінен талдап,

орынбасары Қайрат Әбенев бұл форматтағы басқосудың бірінші рет ұйымдастырылып отырғанын атап, қазіргі талаптарға сай жұмыс динамикасының артқанын, жұмыс қарқынының соған сай болуы керектігін айтты. Сонымен қатар, кез-келген мәселелердің алдын алу маңызды екенін жеткізіп, жиын қатысушыларын бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

«Компаниямыздың өндірістік көрсеткіштерін арттыратын



жобаларды жүзеге асыру үшін қызметкерлердің қосатын үлесі зор. Сондықтан, кадр саласы мамандарының қолдауы өте маңызды» деген Компания басшысы Ринат Нұрғожаұлы кеңестің салаға қатысты көптеген мәселелерді шешетін алаң екенін атап өтті.

Салаға цифрлық жаңашылдықтарды, «сандық егіз» жүйесін енгізу, оқыту нәтижелерінің тиімділігін сараптау, онлайн мониторинг жүргізу мәселелері талқыланды.

Екікүндік кеңестің бірінші бөлімінде басқармалардың салалық бөлім басшылары мен топ жетекшілерінің есебі тыңдалып, көтерілген

ланысты HR-бөлімі қызметінің тиімділігін арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Екінші бөлімде HR қызметіне қатысты жаңашылдықтар, оқыту және дамыту көрсеткіштері, HR үрдістерін автоматтандыру және сараптау, HR стратегиясындағы көрсеткіштерді талдау және пайдалану тақырыптарына қатысты лектор Әлия Балғымбаеваның семинар-тренингі ұйымдастырылып, соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Басқармалар бойынша әлеуметтік салада атқарылған жұмыстар сараланған се-



минар кеңестің ашылуында Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі

бірнеше жаңа жобалар қолға алында. Ортақ жұмысқа аталған сала өкілдерінің де қосатын үлесі

есеп жазу, ұсыныстар дайындау дағдыларын қалыптастыруға қатысты дәрістер өткізді. [ET](#)

КАДР САЯСАТЫ



2024 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Алып» бағдарламасын іске қосқан болатын. Бүгінде аталмыш бағдарлама КМГ-нің еншілес мекемелерінде де кең өріс алуға. Бағдарламаның мақсаты – мамандардың өз кәсібін шебер меңгерумен қатар, олардың жетік ойлаулары мен күнделікті жұмыстарын заманауи талаптарын сай дамытуға өзіндік үлестерін қосуларына мүмкіндік беру.

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша «Алып» бағдарламасына 5 маман қатысып жатыр, олар компанияның барлық бағыттарын дамыту бойынша арнайы дайындаған кейстерін басшылық алдында қорғады. Бағдарламаға қатысушылар бүгінгі позицияларынан бастап, топ-менеджерлерге дейін көтерілу үшін тиімді шешімдерді іздеуді мақсат етті. Өзге елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып,

«АЛЫП» БАҒДАРЛАМАСЫ: кәсіби деңгейде өсуге мүмкіндік орнату алаңы

оны Ембі өндірісіне енгізу жолында өздерінің ұсыныс-пікірлерін де ортаға салды.

«Алып» – жетік ойлау мен озық тәсілдерді трансформациялауды үйретеді» деген бағдарламаға қатысушы 5 ембілік маман:

Данияр Андиров, Орталық басқару аппаратының аға инженер-механигі,

Нұрқайрат Бойжанов, «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының мұнай-газ өндіру бойынша инженері,

Нияз Смайлов, «Қайнармұнайгаз»

МГӨ басқармасының инженер-технологы, Дияр Жақаш, «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының инженер-технологы,

Қуандық Айтжанов, «Ембімұнайэнерго» басқармасы электрожабдықтарын жөндеу участогының басшысы.



Оларосыбағдарлама арқылы қызметтерін жетілдіруге және профессионалдық тұрғыда тұрақты өсуді үйренетін болады. Әрине, әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып.

- «Алып» бағдарламасына қатыса отырып, ізденудеміз,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на қарасты еншілес мекемелердегі және алыс, жақын шет елдердегі озық тәжірибелермен таныстық. Өздеріміздің жобаларымызды дайындауда «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тиімділігін арттыру, инновацияларды енгізуде өзара тиімді іс-қимыл әдістемелерін игерудеміз. Жалпы, бұл әрбір қатысушыға өз ісіне деген жаңа көзқарас қалыптастырып, өндірістің бүгінгі заман талаптарына сай болуына мүмкіндік орнатады, – дейді ембілік «алыптықтар». [ET](#)

РЕПОРТАЖ

ЖЫЛЫОЙДАҒЫ ЖАРҚЫН БАСТАМА

ҚҰЛСАРЫЛЫҚТАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАУДА

«Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік қолдау шараларына үнемі үлес қосып, облыс көлеміндегі көптеген іс-шараларды атқарып келеді. Соның бір дәлелі – 2024 жылы Қазақстан мұнайының 125 жылдығы қарсаңында Жылыой ауданының Құлсары қаласында «Ембімұнайгаз» АҚ қаражатына салынған арнайы орталықтың ашылуы.

Аудандағы теңдессіз, ауқымды осынау әлеуметтік-педагогикалық мекеме психикалық және эмоционалды-коммуникативті дамуында кешігулер, тірек-қимыл аппаратында бұзылыстар бар, аутизм, сөйлеу тілінің жетілмеуі, дамуының кешеуілдеуі және басқа да ерекшеліктері бар балаларға психикалық-педагогикалық көмек көрсетеді.

Аталған орталықтың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысу үшін Құлсары қаласына арнайы бардық.

Ресми түрде Жылыой ауданы білім бөлімінің №2 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті деп аталатын орталықта психологиялық-медициналық-педагогикалық сараптама қорытындысымен расталған диагноздары бар 146 бала мамандандырылған көмек алуға. Ал, жалпы орталық – 150 орындық.

Келушілер тек құлсарылықтар емес, Жылыой ауданының Тұрғызба, Қосшағыл, Шоқпартоғай ауылдарынан да келеді.

Мекеме 3 қабатты, лифт жұмыс жасап тұр. Бірінші қабатта әкімшілік бөлмелер болса, екінші қабатта оқу кабинеттері орналасқан. Бұнда отбасылық кеңес беру бөлмесі, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, олигофренопедагог, сонымен қатар, ерекше балаларды оқытуда жақсы нәтижелер көрсетіп, өз тиімділігін дәлелдеген Монтессори әдістемесі бойынша сабақтар өткізілетін кабинет бар. Ал, үшінші қабатта емдік-денешынықтыру бөлмесі, ойын залы, музыкалық жетекші мен мейірбике кабинеті. Орталықта жатын бөлмелер де бар. Мамандар бұл жерге мазасызданып, көңіл-күйі түсіп, сабаққа ынтасы болмай отырған балаларды тынықтыру үшін алып келетіндерін атап өтті.

– Құлсары қаласындағы ерекше балалармен жұмыс 2004 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Аудан орталығындағы Е.Халықов атындағы №7 мектептің жанындағы жалға алынған 3 кабинетте 6 баламен жұмысымызды бастадық. Осылайша біз 20 жыл бойы бейімделмеген жерде отырғанбыз. Ал, қазір заманауи үш қабатты ғимаратқа орналастық. Бұл жерде барлық жағдай жасалған, балалармен толыққанды сабақ өткізу үшін қажетті оқу материалдары, құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Бүгінде оқу кабинеттеріне қоса, орталықта балалардың логикасын, күшін және тапқырлығын дамытуға көмектесетін скалодром, ойын залы және балаларды жылдың 4 мезгілінде де далаға шығару үшін лайықталған көпфункционалды ойын алаңы бар.

Сонымен қатар, ата-аналар мен балалардың келуіне қолайлы жағдай жасау мақсатында арнайы автотұрақ қарастырылған. Орталық жаңа туған баладан 18 жасқа дейінгілерді қабылдай алады. Бірақ, қазіргі келушілер – 7-8 жасқа дейінгі балалар. Орталықтағы оқыту-дамыту процесі ерекше қажеттіліктерді ескере отырып әзірленген, бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Соның нәтижесінде балалар жан-жақты дамуға мүмкіндік алуға, – дейді №2 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті директорының міндетін атқарушы Эльмира Гилманова.

Аталған нысанның



негізгі қызметі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету екенін атап, орталықтың жұмысымен толық таныстырған Эльмира Гайнолмақызы әр баланың сабақ кестесі әртүрлі, яғни, жеке-жеке жасакталатынын атап өтті. Сабақтар жеке және топтық форматта өткізіледі, ұзақтығы 35-45 минут аралығында. Бір бала аптасына 3 рет келеді.

Орталықтағы жаңашыл әдістің тағы бірі – Edu kids бағдарламасы. Бұл – мектеп жасына дейінгі және ерекше қажеттілігі бар балалар үшін арнайы жасакталған кешенді интерактивті білім жүйесі.

Түзеу кабинеті қажетті мамандармен толық қамтылған, барлығы 20 педагог бар.

«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды арнайы мекемеге қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша және ата-аналардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады. Жоспарлы түрде жылына үш рет: наурыз, тамыз, қазан айында өтетін сараптамадан бөлек, жыл ішінде өздері тиісті тексерулерден өтіп, өтінішпен келетін ата-аналар да бар. Барлығын да қамтуға тырысудамыз» дейді мекеме басшысы.

Эльмира Гайнолмақызы – осы салада 14 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі педагог-логопед. Ерекше балалармен етене жұмыс жасайтын маманның бұл мәселеге қатысты пікірін де сұрадық. «Негізі, бұндай жағдайдың туындауына, яғни, бала дамуында тежелулер болуына бірнеше фактор әсер етеді. Қазір балаларда қимыл-қозғалыс өте аз, далаға да аз шығады. Осы секілді бірнеше себептерге байланысты бұндай жағдайлар орын алуы мүмкін» дейді ол.

Ғимаратты аралау барысында скалодромда жаттығу жасап, шынығумен қатар, есеп шығарып жүрген Нұртілекпен аз-кем тілдестік. Былтырғы қыркүйектен бастап, аталған орталыққа келіп жүрген ол: «Маған сабақтар өте ұнайды. Осыдан кейін ән сабағына барамын, 8 наурызға қойылатын концертте ана туралы әнді орындаймын. Сол үшін апайларыммен бірге дайындаймын» дейді ол.

Орталық мамандары өздерінің функционалдық міндеттерін атқарумен қатар, кез-келген әріптесіне көмек қолын созуға дайын тұрады. Өйткені, «Ортақ жұмыс қана жетістіктерге жеткізеді» дейді олар.

«Біздің мақсатымыз – келген баланы қалай да партаға отырғызып, жоспарлы сабақты оқыту емес. Барынша, баланы тыныштандырып, күнделікті кестеге сай, қажетті оқу процесін меңгеруі үшін жағдай жасаймыз. Ең алдымен баланың көңіл-күйін, ынтасын бағамдаймыз. Музыканы жақсы көретін балалар бар, кейбіреуінің ұйқысын қанбай,

мазасызданып тұрады. Соларды қалауларына байланысты сабақ кестесіне өзгерістер енгізіп, қызығушылығын арттыруға тырысатымыз» дейді Эльмира Гилманова.

Малика Жұмабаева, ата-ана:



«Ұлым Нұртілекке логоневроз, яғни тұтығу диагнозы қойылған. Былтырғы қыркүйектен бастап, ол осы орталыққа келіп жүр. Логопед пен дефектолог мамандардан сабақ аламыз. Нәтиже көп күттірген жоқ: ұлымның сөйлеуі айтарлықтай жақсарды. Мен орталықтың педагогтарына олардың кәсібилігі мен балаларға деген жанашырлығы үшін алғыс айтамын».

Сана Асқарова, ата-ана:



«Балаларым Айсултан мен Бейбарыстың психикалық дамуында тежелістер бар. Орталықта олармен логопед, дефектолог және психологтар жұмыс істейді. Барлығымыздың қуанышымызға орай, оң нәтиже пайда болды. Ұлдарымыз өз есімдеріне жауап беріп, дыбыстарға қарайтын, жан-жағына қызығушылық білдіретін деңгейге жетіп келеді. Педагогтардың еңбегі зор, сол үшін үлкен рахмет. Сонымен қатар, біз, аналар осындай қажетті әрі маңызды әлеуметтік нысанды салғаны үшін «Ембімұнайгаз» компаниясына алғысымызды білдіреміз».



ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

бұл жөнінде компания басшылығының



Жалғасы. Басы 1-бетте

«Ембімұнайгаз» АҚ 2025 жылға ауқымды жұмыстарды алға қойып отыр. Мақсат – игеріліп жатқан кен алаңдарының өнім беру көрсеткішін тұрақтандырумен қатар компанияның өндірістік қызметін дамыту. Бұл орайда, биыл компания бірнеше жобаларды іске қосуды көздеп отыр. **Бас директор Ринат Ізмұханбет** өзінің сөзін ірі жобаларды таныстырудан бастады.

Ембідегі жаңалықтың бірі – құзырлы органдардың келісімінен кейін Тайсойған жобасы бойынша бұрғылау жұмыстары өткен жылдың желтоқсан айынан басталып кетті.

Компанияның жұмысында басымдық берілетін бағыт – адам өмірі, әрбір жұмысшының қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуі, олардың отбасына аман-есен оралуы. Бұл – әрдайым өзекті. Ембіліктер өздерінің күнделікті жұмысында осы қағиданы жіті назарда ұстап отыр.

Тайсойған-1 және Тайсойған-2 учаскелеріндегі бұрғылау жұмыстарының аяқалысымен танысқан жұмыс тобының мүшелері алдымен бұрғылау жұмыстары құрылысының мердігер мекемесі тарапынан орындалып жатқан өндірістік қауіпсіздік шаралары туралы мағлұмат алды. Танысу барысында техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуына қатысты орын алған олқылықтарды дереу жою талап етілді.

Жұмыс тобының келесі ат басын тірегені – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының (МГӨБ) шалғайда орналасқан Алтыкөл, Қарсақ, Комсомол мұнай дайындау және айдау учаскелері. Арнайы топ мұндағы өндірістік көрсеткіштердің орындалу барысымен танысты.

Жұмыс тобының мүшелері кеніштерде қолға алынып жатқан су басу қаупінен сақтану шараларының орындалуына баса мән берді.

Басқармаға қарасты Алтыкөл кен алаңы 2024 жылы су қоршауында қалған еді. Құлсары қаласы бағытынан Жем өзенінің арнасынан асып, Алтыкөл бағытындағы Қызкеткен өзегіне мөлшерден тыс су келді. Компанияның ішкі күшімен жедел шаралар қолға алынып, бөгеттер салынды. Тасқын судың деңгейі мөлшерден тыс көтеріліп, бөгеттен асып, Алтыкөл бағытына қарай қатынас жолы толықтай жабылған еді. Қайық арқылы қатынас жасалып, ауысымдық әдіспен еңбек етіп жатқан жұмысшылар қайықтың көмегімен кен алаңына жеткізілді.

Осы жұмыстардың мән-жайына қанық компания басшылығы биылғы су тасқынынан сақтану шараларына ерте қамдануға тапсырма беріп, сол жұмыстың бағытымен танысты. Басқармаға қарасты №4 «Доссор» мұнай-газ өндіру цехының бастығы Ж.Бекенбаев қолға алынып жатқан іс-шараларды баяндап өтті.

«Бүгінде су өткізу жүйесін нығайту жұмыстары жасалып, өзектің арнасы кеңейтілуде. Қызкеткен өзегінің су өткізу қабілеттері күшейтіліп жатыр. Өзектің екі жағын арнайы бөлінген техникалармен нығайту жұмыстары да қызу жүруде» - деді цех бастығы.

Су тасқынынан қорғану шараларымен жіті танысқан жұмыс тобының мүшелері сәуір айына дейін қорғаныш шараларын толықтай аяқтауды тапсырды.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на арналған екі күндік сапарда жұмыс тобы Терең-Өзек, Прорва, Ақінген кеніштерінде кеңейтілген жиын өткізіп, өндірістік көрсеткіштердің орындалу барысымен жан-жақты танысты. Сонымен қатар, жылыойлықтарды алда кезегін күткен ауқымды жұмыстармен хабардар етті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Р.Ізмұханбет компанияның 2025 жылы жоспарлаған төрт жобасының екеуі осы басқармаға тиесілі екенін, «Батыс Қарасор» мен «Батыс Прорва» жобалары бойынша ауқымды жұмыстардың қолға алынғанын, газды сату арқылы компанияның табысын молайту жолындағы жұмыстарға талдау жасап өтті.

Айта кету керек, компания алдағы 3 жылда ілеспе газды қадеге жарату мәселесін батыл қолға алып отыр. Ембінің газы QazaqGaz АҚ-ның жүйесіне берілгелі отыр. Бүгінгі таңда осы жұмыстарға дайындық жүріп жатыр. Ілеспе газдың мәселесін шешу арқылы мұнай өндіру көлемін ұлғайту өзекті түр.

Жоғарыда аталған екі жобадан өзге «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қарасты Оңтүстік-Шығыс Новобогат кенішіндегі газды кешенді дайындау қондырғысының құрылысы да – осы мақсатта қолға алынатын үлкен жоба. Бұл жоба 2026 жылдың 2-тоқсанында іске қосылады деп күтілуде.

Басшының «Жайықмұнайгаз» басқармасындағы сапарында О.Ш.Новобогат, О.Ш.Қамысты, С.Балғымбаев, ӨҚЖЖП учаскесі, Жаңаталап пен Забурын кен орындарының инженерлік-техникалық қызметкерлерімен болған кездесуде алға қойған жоспарларға бірлесе жету, компанияның табысты еңбегіне қатысты шығындарды оңтайландыру мәселесіне жан-жақты тоқталды.

Кеңейтілген жиында жоғары мән берілгені – Ембі өндірісіндегі тиімділігі төмен кен алаңдарына қатысты жұмыстар. Бүгінде Ембі өндірісінде игеріліп жатқан кен алаңдары қатарында тиімділігі төмен кеніштер бар. Басшылықтың қолға алып



АРҚЫЛЫ КОМПАНИЯНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН КӨТЕРУ кен алаңдарында болған сапарларында баяндалды

отырған шарасы – тиімділігі төмен кеніштермен жұмыс істеп, олардың қатарын азайту, тиімді кеніштер қатарына қосу. Бұл орайда Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары А.Құтжанов арнайы жұмыс тобын құрып, тиімділігі төмен кен алаңдарына толық зерттеу жұмыстарын жүргізу, шығындарды барынша азайту жолдарын анықтау т.б. жұмыстарды қолға алу жөнінде хабарлап өтті. Бұл орайда, өнім берудің соңғы сатыларында тұрған байырғы кеніштердің бүгінгі жағдайын толық саралау үшін өндіріс шығындарын үнемдеу жөніндегі ұсыныстарын белсенді түрде ортаға салу қажеттігі де аталды.

«Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасында кеңейтілген жиын өтіп, оған компанияның бизнес әріптестері де қатысты. Бірлескен жұмыстың орындалу барысы баяндалды. Сонымен қатар, жиын барысында өндірістің инженерлік-техникалық қызметкерлерінің әрқайсысының ұсыныс-пікірлері, айтарлары тыңдалды. Басқармаға қарасты Уаз кен алаңындағы интеллектуалды кен алаңы жобасы туралы кеңірек баяндалды.

Қайнарлықтармен болған жиын барысында Ринат Нұрғожаұлы Компанияның алдында ауқымды жұмыстар тұрғанын, нақтыласақ, 2025 жылы қолға алынып жатқан 4 инвестициялық жобалардың әрқайсысына тоқталып, олардан күтетін нәтижеге де маңыз бере кетті.

Компанияның жоғарыда аталған ірі жобаларын нәтижелі етуде өндірістің **орта буын басшылығының белсенділігін**

көтеру – өте маңызды. Бұл орайда, Бас директор цех басшылары мен өндіріс шеберлері, геолог мамандармен пікір алмасып, олардың өндірісті дамыту, шығындарды азайта отырып, оңтайландыру шараларын кезең-кезеңімен жүргізу бағытындағы ұсыныс-пікірлерімен танысты. Өндірістің орта буын басшылығы Компанияның табысын арттыру жолындағы өзекті мәселелер төңірегінде өздерінің ұстанымдарын ортаға салды.

«Сындарлы пікір алмасу өзара сенім мен түсіністікті қалыптастырады» деген Компания басшысы екіжақты пікір алмасудың тиімділігіне баса мән берді.

«Өндірістің орта буын басшылығымен болып жатқан бұл кездесулерімізді ашық пікірлермізді ортаға салайтын диалог алаңы деп есептеңіздер. Өндірістің барлық өзекті мәселелері өздеріңізге өте жақсы таныс. Бұл – сіздерге басшылық алдында мән-жайды жан-жақты талқылайтын, ой-пікірлеріңізді еркін айтуға жасалған мүмкіндік. Орта буын басшылығының белсенділігін арттыру арқылы өндірістің тынысын кеңейтуге жол ашамыз. Ендеше, Ембі өндірісіне тиімді деп саналатын іс-әрекеттерді екіжақты келісе отырып талдап, ортақ шешімді бірлесе отырып қабылдасақ. Әрбір жұмысшыға алдағы үлкен міндеттерді дұрыс түсіндіру, жеткізу – сіздердің жауапкершіліктеріңізде, - деген пікірмен Бас директор Ринат Ізмұханбет кеңейтілген жиынды қорытты.

ТҮЙІН: «Ембімұнайгаз» АҚ алдағы 3 жылда ірі стратегиялық жоспарларды қолға алып отыр. Мақсат: өндіріс көрсеткішін көтеру, компанияның табысын арттыру. Сандарға жүгінсек, алдағы 3 жылда өнім өндіру жоспарында 2 млн. 813 тонна, 2 млн 870 тонна, 2 млн. 900 тонна «қара алтын» игеру арқылы биік белестерді бағындыру. Ғасырдан астам жер қойнауын игеріп, негізінен байырғы кеніштермен жұмыс істеп келе жатқан отандық компания үшін бұл – үлкен жауапкершілік. Мұны әрбір ембілік мұнайшы жақсы түсінуі тиіс.



Бір қолымен бесік тербей...

Әйел – қашан да жылулықтың ұясы, отбасындағы бақ-берекенің бастауы. Ембі өндірісіндегі ер-азаматтармен иық теңестіре еңбек етіп жүрген арулар арасында отбасының ұйытқысы болумен қатар, негізгі кәсібіне қоса, өзіндік хоббиын да өмірінің мәніне, өзін дамытудың жолына айналдырып отырғандар аз емес. Мереке қарсаңында әнші, домбырашы, спортшы, қол өнер шебері, тігінші секілді сегіз қырлы, бір сырлы әріптестерімізге сөз берелік.



Замзия МИРМАНОВА,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ шаруашылық
менгерушісі:

«БІЗДІ ӘНШІЛЕР ОТБАСЫ ДЕП АТАЙДЫ»

Мұнай-
газ өндіру
саласына
келуіме

өнерім әсер етті десем болады.

Өнерді кішкентай күнімнен қатты жақсы көрдім. Әлі де қол үзбей келемін. Жолдасым, ата-анам үнемі қолдап отырады. Өзім де өнерді сүйетін, бағалайтын ортада өсіп-өніп, дәл сондай ұстанымдағы отбасына келін болып түстім. Жолдасым да ән айтады. Отбасымызда 6 бала-

мыз бар, қазіргі уақытта келін түсірген, немере бағып отырған бақытты әжемін.

Ырымшыл халықпыз ғой, 18 жыл ата-енемнің қолында тұрдым, шаңырақта үлкен әжеміз болды. «Қос ененің бабын тапқан, көпбалалы ана» деп көбі ырымдап, келін түсіру, үйлену тойларына шақырады.

Жолдасымның есімі – Нұртан, менің есімім де көп айтыла бермейтін болғандықтан, көбі бізді осы өнерімізге қарап, әнші отбасы деп атайды. **ЕТ**

Гүлдана ДАУЛБАЕВА,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ архивариусы:

«ІС ТІГУЕ БАЛА КҮНІМНЕН ҚЫЗЫҒАМЫН»

Бала күтімімен үйде отырған кезде, өзімді жоғалтып алмас үшін тоқыма ісін бастадым. Өз қолымнан шыққан киімдерді қызыма кигізіп қоятын едім. Оны көрген адамдар қызығып, тапсырыс бере бастады. Бұл ісімді одан әрі дамыту үшін тігіншілікті бастадым да Асия, Асима қыздарымның құрметіне ASIYA collection деп атадым.

Осылайша ана атанып, сәбиіме мейірленіп жасаған дүниемнен шағын кәсібім бастау алып, тек ауыл, ауданнан ғана емес, Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларынан тапсырыс бере бастады. Осы кезде балаларға арналған қазақша үлгідегі киімдер мен сәнді көйлектер тігуге толықтай бет бұрдым.

Жалпы, ойлап қарасам, тігіншілікке қызығушылығым ерте ояныпты. Бала күнгі арманым іс тігетін машина алу еді. Алайда, әкем 5-6 сынып оқып жүрген маған «Кішкентайсың» деп, алып бермеді.

Кейін осы іске қызығушылығым артқанын көрген әкем заманауи тігін машинасы мен кестелейтін машинаны сыйға тартты. Жолдасым да бірден қолдап, өндірістік тігу машинасын алып берген соң, тапсырыстарым артып, жұмысым да күрделене түсті.

Жасаған бұйымдарыммен 2023, 2024 жылдары Ұлттық экономика министрлігінің тапсырысымен Атамекең ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырған «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатыстым. **ЕТ**



Ильярика ДЯТЛОВА,
инженер управления «Эмбаунайэнерго»:

«Я НАУЧИЛАСЬ ВЯЗАТЬ РАНЬШЕ, ЧЕМ ЧИТАТЬ»



У меня пре-
красная семья,
муж, два сына,
и я бабушка
замечательной
малышки. В
свободное
от
работы время
у в л е к а ю с ь
садоводством,
обожаю путеше-
ствовать и гото-
вить. Но самое
мое любимое

занятие – рукоделие. Вязанию меня научила бабушка. До сих пор помню эти металличе-
ские и блестящие спицы. Я вообще тогда не понимала, как на этих тоненьких, острых палочках можно связать носки.

А сегодня, как член Ассоциации ремесленни-
ков Атырау, я второй год веду кружок рукоде-
лия для детей. Доказано, что вязание развивает
мышление, позволяет сохранить острый ум,
снижает степень тревожности. Более того,
радует, когда вижу, что желание творить у
моих девочек берет вверх над увлечениями
гаджетами. Когда начала вести кружок, были

сомнения: смогу ли? Ведь к каждой из девочек
нужен подход. Но, терпение и труд все пере-
трут, и сейчас я горжусь их результатами.

У меня много идей, некоторые из них мы
сообща воплощаем в реальность. Сегодня
очень горжусь тем, что привила у девочек
любовь к творчеству. Уверена, что это хобби
останется с ними, и спустя годы они будут с
теплом вспоминать наши занятия и первые
свои достижения. **ЕТ**

Клара НҰҒМАНОВА,
ӨТҚЖЖК басқармасының әлеуметтік мәселелер жөніндегі маманы:

«ТОҚЫМА ТОҚЫП, ГҮЛ ӨСІРУДЕН ЛӘЗЗАТ АЛАМЫН»

Біз секілді буынның есінде болар, бұрын мектепте «Еңбек» сабағы
болды. Ол жерде қыздарды тоқыма ісіне бейімдейтін. Оның үстіне сы-
нып жетекшіміз өзі тоқыған әдемі орамал, шәлілерді тағушы еді. Соған
қызығып, мен де бұл істі үлкен қызығушылықпен үйрендім. Кейін бұл
біліміміз өмірлік пайдамызға жарады.

Балам өмірге келген кез – киім-кешектің қат заманы. Өзім тоқыған
бұйымдар сол кезде пайдаға асып, тоқсаныншы жылдардағы тоқырау
кезеңінен өтіп кетуге септігін тигізді.

Қазір де аптасына кем дегенде 1-1,5 сағат уақытымды тоқымаға
арнауға тырысамын. Ол миды демалтып, күнделікті күйбің тірліктің

Жаңыл ТЕМІРҒАЛИЕВА,
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды зерттеу
операторы:

«НЕМЕРЕЛЕРІМ – СҮЙІКТІ ТЫҢДАРМАНДАРЫМ»

бұрын басқармалар арасын-
да өткен «Мұнайшы аруы»
байқауына қатысып, бас
жүлде алуыма да осы әншілік
өнерім әсер еткені анық.

Үгілі отбасы ретінде
түрлі деңгейдегі сайыстарға
қатысумен қатар, «Шәмші
әндері», «Дала дауысы»

байқауларына қатысып, бас
жүлде алып және үздіктер
қатарынан көрінімді.

Қазіргі уақытта ән айту-
дан алыстап кеткеніммен,
немерелерім менің
әніммен ұйықтайды, ең
басты тыңдармандарым
да – солар. **ЕТ**



Садия БИМАНОВА,
«Доссормұнайгаз» МГӨБ тауар операторы:

«ҚАЙДА БАРСАМ ДА, ҚОЛЫМНАН ДОМБЫРАМДЫ ТАСТАМАЙМЫН!»

Басқармада
еңбек еткеніме
ширек ғасыр
ж а қ ы н .
Мұнайшылар
м ә д е н и е т
с а р а ы н а
еңбек етуге
шақырту алып,
мұнайшылар
мен олардың

балаларын домбыраға баулып, кәсіби маман
ретінде шәкірт тәрбиелеу ісіне үлес қостым.

Сол уақыттарда байқаулардан қалмаймыз,
дайындалып, алыс-жақындағы жарыстардың
бәріне баруға тырысатынымыз. Балаларды апару,
алып келу, үйлеріне дейін тарату жұмыстарын да

үйлестіріп, шауып жүретінмін. Жолдасым да вах-
тамен жұмыс жасайды, балаларым кішкентай.
Соларды көтеріп жүріп, ауданның мәдениет,
өнер саласына қатысты бірнеше жұмысты
қатар жасадым. Қазір қарап отырсам, осының
бәріне қандай құш, қуат керек. Бұл – өнерді
жақсы көргенімнің шынайы көрінісі. Қазір
де Компанияның басқармалары арасындағы
сайыстарға үнемі қатысып, жүлделі орын алып
жүрмін. Уақыт өте келе, үйірме жетекшісінен
– операторға айналдым. Бар жұмысымды
ұштастыра жүріп, өнерден алыстамаппын.

Домбыра – менің айнымас серігім. Қайда
барсам да, қолымнан тастамаймын. Жұмыста да
қолым қалт еткенде, домбырама асығамын. Қос
ішектің қоңыр үні шаршағанымды басып, бәрін
ұмыттырады, көңілім жайланады. **ЕТ**

Гүлзада ГАБДУЛЛИНА,
«Ембімұнайгаз» АҚ есептік жүйелер бөлімінің жетекші
аналитигі:

«СПОРТ – ХОББИ ЕМЕС, ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫМ!»

Бала кезімнен спортқа қызығушылығым
болды. Оқу орындарында жүріп, үстел
теннисі, үлкен теннисте бағымды сынап,
жүлделі орындар иеленіп жүрдім. Ал,
Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық университеті
жатақханасының спорт секторы қол күресіне
қатысу жөнінде ұсыныс білдірді. Осылайша,
аталған спорт түріне қадам бастым.

2009 жылы университетішілік жарыста 65
келі салмақта 1 орын алдым. Ал, қазақстандық
университеттер арасында Өскемен
қаласында өткен қысқы универсиадаға
қатысқанда 18 студенттен құралған тобымыз
қол күресінен 3 орын иеленді.

2023 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ
ұйымдастырған спартакиадаға Басқару
аппараты атынан қатысып, 1 орын иелендім.
Сол жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Ақтау

қаласында
д ә с т ү р л і
с п о р т
сайысында
65 келіден
ж о ғ а р ы
салмақта 3 орынға ие болдым.

Бытыр Павлодар қаласында «ҚазМұнайГаз»
ҰК АҚ еншілес тәуелді ұйымдарының
еңбек ұжымдары арасында өткен дәстүрлі
спартакиадаға спорттың 11 түрі бойынша
қатысқан 600-ден астам спортшылар арасы-
нан қол күресінен 3 орын алдым.

Спорт – табысқа ұмтылу, жеңіске ұмтылу!
Ең бастысы – өзіңді, жалқаулығыңды
жеңу. Ол өзіңді қалыпты формада ұстау,
денсаулығыңды сақтаудың тамаша тәсілі
ғана емес, күшті және төзімді болуға
шыңдайды. **ЕТ**



Ол – балалық шағын соғыс өрті шарпығандардың бірі. Сол буынның өкілі ретінде ерте есейіп, еңбекпен шыңдалған оның өмір жолы – көпке үлгі. Жастайынан тылдағы қайнаған жұмыстың ортасынан табылып, жеңісті жақындатуға үлес қосты. Соғыстан кейінгі кезеңде де ел еңсесін тіктеп, ақсап қалған шаруашылықтың аяққа тұруына күш-жігерін жұмсады.

Өнегелі өмір жолының иесі, үлкен әулеттің мәуелі бәйтерегі, тыл ардагері, Ембі өндірісінің өрістеуіне сүбелі үлес қосқан сала еңбеккері Жамиға Шаленкеева 95 жасқа толып отыр.



маистралдық «Средняя Азия-Центр» газ құбырын пайдалануға жергілікті биліктін құқы жоқ. Оның билігі – Мәскеуде. Газ жоқ. Ал ауыл адамдары қи жағып, көмір тасып, күн кешуде.

Осы мәселені шешуді қолға алған, «Қосшағыл» совхозының директоры Қуаныш Гилимов пен Қосшағыл кенті халық депутаттарының төрайымы Жамиға Шаленкеева Мәскеуге, коммунистік партия басшыларына халықтан хат жолдаып, ауылға көгілдір отын жеткіздіреді. Айтуға оңай болғанымен, бұл

Жұмысшыларға ішіп жеуге тағам да, тауардың да қат кезі. Тенізден Атырауға қатынасуға темір жол жоқ, көлік жолының қиындығы тағы бар. Осындай ірілі-ұсақты кедергілердің уақытылы шешімдерін таба жүріп, Жамиға Шаленкеева Теніз кенішінде де абыройлы қызмет атқарды. Теніз бойын жағалаған,



ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



Әріптестермен бірге қызу еңбек ортасында. Сурет Ж. Шаленкееваның жеке мұрағатынан

Қосшағыл өңірінің Ембі тарихында орны бөлек. Қойнауындағы қара алтын қорын өндіруде қолтаңбасы қалған Тұрмұханбет Шаленкеев – кәнігі мұнайшы, осы ауылдың тумасы. Соғыс басталған кезде өндірістегі жұмыстың тоқтап қалмауы үшін санаулы ер-азаматтардың арнайы тізім бойынша елде қалғаны белгілі. Сол қатарда кәсіби маман, тәжірибелі мұнайшы Т. Шаленкеевтің болуы да заңды еді.

Ел шетіне жау тиіп, талай тағдырдың өзге арнаға бұрылғаны анық. Отбасында үйелмелі-сүйелмелі 5 бала да ерте есеюге мәжбүр болды. Үйдің үлкені Дәмеш, өте нәзік болып, кейінгі балалар кішкентай болғандықтан отбасындағы салмақ екінші бала – Жамиғаға түседі. Ата-анасы да «Осы қызымыздың еті тірі, пысық» деп марқайып отырады екен. Осылайша, бұғанасы бекімеген жасөспірім 12 жасында жұмысқа ерте араласады.

Аналары Кұрмаш – үй шаруашылығында, жұпыны тұрмыстың киюын келтіріп отырған жан. Ал, соғыс басталған кезде тон, киім тігу жұмысына белсенді араласқандардың қатарынан табылды. Қызы Жамиға да осы жұмыстарға тартылып, қолдан келгенше көмегін аямады.

Ол кезде ас-тамақтың қат кезі, нанның өзі тапшы: «Жұмыс жасағандарға жарты қалаш қара нан беріледі» дейді әжейі. Отбасында әке-анасы жұмыс жасағанымен, олардың тапқан табысы көпбалалы жанұяға әрі қолдарында қарт аналары бар, бәріне жетпейтіні сөзсіз. Осындай қысыл-таяң шақты көріп өскен Жамиға да етінің тірілігі болар, ата-анасының үмітін ақтап, жұмысқа ерте орналасады.

Жылыойда мұнай резервуарлары жоқ, өндірілген өнім жерге қазылған амбарларға, яғни, шұңқырларға жиналады. Маңызды нысанды қорғау үшін қосымша адамдар керек болады. Ел ішіндегі ер-азаматтардың басым көпшілігі майдан даласына аттанған, қалғаны өндірістің негізгі жұмыстарына жұмылған. Әрине, таңдау жасайтын аса көп мүмкіндік те жоқ. Сол кезде салмақ жастарға түседі.

Жоғары сынып оқитындар ішінен әскери іске жарамды жастар іріктеледі. Анасына тон тігу жұмысына жәрдемдесіп жүрген Жамиға таңдау жасап, ата-анасының қолдауына ие болған соң, өзі сұранып, 14 жасында осы қызметке барады. Жасы жетпегендіктен, қабылданбауы мүмкін екенін де ескеріп, алдын-ала туған жылын 1 жылға өсіріп жазғызады. Осылайша, 1929 жылы Қазақ кеңестік социалистік республикасы Гурьев облысының Қосшағыл ауылында дүниеге келген Жамиға Шаленкеева жауынгер атқыштар қатарынан табылды. Бұл арнайы топты жарты жыл мерзім ішінде қару ұстауға бейімдеп, маңызды жұмысқа жұмылдырады.

Иықтарына 5 оқты винтовка асынған жастар ауылдан 5-6 шақырым жердегі мұнай амбарларын, шұңқырларды қорғайды. Көзге түртсе көрінгісіз қараңғылықта түн жамылған жандар стратегиялық нысанның маңын таңға тору-

ылайды. Мұнай қоймаларын неміс-фашист диверсанттарынан қорғаумен айналысқан Қосшағыл поселкесінде орналасқан 130-ресурстады, әскери қорғау отрядының мүшелерінің сол кездегі жас шамасы 14-15 ғана еді.

Бұл жылдардағы жас жауынгер Жамиға Шаленкееваға қатысты ұрпақтарының сұрау салуы нәтижесінде Атырау облыстық архивінен алынған ресми расталған

жұмысшыларды қамту бөлімінде аға тауар жіберуші лауазымында еңбек етті. 1965 жылы Алматы сауда техникумын тәмамдап келген соң, аталған бөлім бастығының орынбасары болып табысты қызмет жолын жалғасты.

Ал 1969 жылы халық сеніміне ие болып, 11 жыл бойы Қосшағыл жұмысшы кенті халық депутаттары поселкелік кеңесінің атқару комитетінің төрайымы қызметін

келісімінің қаншалықты қиынға соққанын сол кездегі саяси ұстанымдардан хабардар кез-келген жан бағамдай алары сөзсіз.

Ал, сексенінші жылдары Теңіз кен орны алғаш ашылған кезде Қаратон кенті мен жаңадан ашылған Теңіз кенішінің жұмысшылар жабдықтау орталығы біріктірілген болатын. Үлкен істің енді басталар кезеңі. Алыс-жақын елдерден келетін мамандар көбейе бастаған шақ еді.



«Ембімұнайгаз» АҚ өкілдерінің тыл ардагері, сала еңбеккері Жамиға Тұрмұханқызын құттықтап барған сәтінен

құжатта «в документах архивного фонда сводного отряда ВОХР в ведомости по 130 отряду ВОХР I-II взвода пром. Косцагыл за сентябрь, ноябрь, декабрь 1944 года, за январь, февраль, март 1945 года значится Шаленкеева – боец (так в документе)» деп жазылған.

Кейін жеңіс таңы атып, барлық саланы дамыту мәселесі – күн тәртібіне қойылған кезде Жамиға Тұрмұханқызы да осы жұмыстарды атқарушылар қатарынан табылып, Ембі өндірісінің дамуына үлес қосты.

«Эмбанефть» бірлестігінде

атқарып, аймақтың дамуы жолында үлкен еңбек етті.

Сол уақыттарда Қосшағыл мұнайшылар кенті негізінде жаңадан шаруашылық «Қосшағыл совхозын» ашуды Каз.ССР үкіметі алға қойды, соған сай Ж.Шаленкеева сол жұмысты басқарды. Зор ұйымдастырушылық қабілетін көрсетіп, 2-3 жылға жалғасқан ортақ еңбектің арқасында «Қосшағыл совхозы» ашылды.

Өндіріс пен шаруашылық дамып, халық саны да артты. Алайда, халық лайықты өмір сүрейін десе, елдімекеннің іргесімен тартылған

Шынайы мамандардың сыналар шағы туындайды.

Осы кезде «Республика көлеміндегі ауқымды жұмыс. Оған қоса шетелдік мамандар көп келеді. Жауапкершілік жоғары. Жұмысшылар жабдықтау саласының тізгінін ұстайтын лайықты кадр бар ма?» деген сұрақ туындаған кезде, бірден Жамиға Тұрмұханқызының есімі аталады. Осылайша, ұйымдастырушылық тәжірибесі мол, өз ісіне аса мұқият, жауапкершілігі жоғары маман Жамиға Шаленкееваға үлкен сенім артылады.

қара жолмен Атырауға күндіз-түні қатынаған ескі ЗИЛ-157 жүк көлігінің күн райы қолайсыз, жауын-шашынды күндерде, қыста, жолда қалып қоятын кездері жиі кездеседі. Алайда, сеніп тапсырылған жұмысты абыроймен атқаруды бірінші кезекке қойғандықтан, көзі аз тағам-тауарлар талан-таражға түспесін деп, Жамиға Тұрмұханқызы ауыр көліктің алдыңғы орнында қасқайып өзі отыратын еді.

Осылайша, жоқтан бар жасап, 7 жылға уақыт бойы осы саланы басқарып, зейнеткерлік демалысқа да жетеді. Алайда, еңбекпен есейген ол қызметтен қол үзбей, Қосшағыл мәдениет сарайында 70 жасқа келгенше еңбек етті.

Әр әйелдің басты бақыты – отбасы десек, Жамиға Тұрмұханқызы – Талпақ Қошанов есімі ел азаматымен бас қосып, ұрпақ сүйген аяулы ана, ардақты жар.

Ер-азаматы, Ұлы Отан соғысының мүгедегі Қошанов Талпақ жетпісінші жылдардың басында өмірден озады. Осылайша, соңында қалған төрт бала-шағаны өсіріп, өндіру жүгі ардақты анаға жүктеледі.

Қазіргі уақытта бұл отбасынан тәлім-тәрбие алған ұл-қыздары Бауыржан, Жанат, Ләззат әр салада еңбек етіп, өмір көшін жалғауда. Ал, шаңырақтың бас көтерген тұңғышы Сәбит Қошанов Кызылой ауданының білім саласына үлесін қосқан ұлағатты ұстаз, қазіргі уақытта өмірден өткен. Қазақы ұғымға сай, қара шаңырақтың иесі ретінде үлкен ұлының артында қалған жары Майра мен бала-келіні әжелерінің бабын тауып отыр.

«12-13 жасынан бастап, 70 жасқа дейін еңбек еткен анамыз – бізге әрқашан үлгі. Отбасымыздағы 4 баланы өсіріп, өндіріп, бәрін жоғары білім алуына мүмкіндік жасады. Барлығы да әр салада табысты еңбек етуде» деген баласы Бауыржан Талпақұлы – өңірге танымал дәрігер.

Ал, қара шаңырақтағы тіріліктің киюін келістіріп отырған үлкен келіні Майра Кабибомақызы да «Бұл отбасына жастайымнан келін болып түстім, анамыздың тәлім-тәрбиесін алдым. Біз 1976 жылы үйлендік. Жап-жас, оқуға жаңа түскен студентпіз. Анамыз ол кезде Қосшағыл жұмысшы кенті халық депутаттары поселкелік кеңесінің атқару комитетінің төрайымы қызметінде. Жұмысы өте жауапты, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Алайда, қызмет ауқымының үлкен екеніне қарамастан, үй тірлігіне де уақыт тауып, тұрмыстық мәселелердің шешілуін назарында ұстап отыратын. Тәртіпті өте жақсы көреді, талапшыл. Өзінің ұстанымы, өмір жолы арқылы-ақ – бәрімізге үлгі» дейді ағынан жарыла.

Тоқсан бесінші қысын ұрпағының ортасында қарсы алған Жамиға Тұрмұханқызы аналық ақ тілегіне ұрпағының амандығы мен ел тыныштығын қосып отырады. Ғибратты ғұмыр кешіп отрған әзиз ананың тілегі әркез қабыл болғай! **ET**

